

FTAMP 16.01.09.

[doi.org/10.55491/2411-6076-2022-3-69-80](https://doi.org/10.55491/2411-6076-2022-3-69-80)**А.А. Сейітбекова\*** 

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан

\*e-mail: ainurseit@mail.ru

### **ОРТАҒАСЫР КӨРКЕМ ПОЭТИКАЛЫҚ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕР МӘТІНДЕРІНДЕГІ КІРМЕ ЭМОТИВ ЛЕКСИКАНЫҢ ҚОЛДАНЫСЫ**

**Аннотация.** Қазіргі түркі тілдеріндегі дерексіз ұғым атауларының көбі араб, парсы тілдерінен еніп, түркі халықтарының таным-түсінігімен астарласып, тілдік жүйесінде еркін қолданысқа ие болған. Түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінде жоқ кейбір эмотивті лексикалық ұғымдардың қолданысы ортағасыр жазба ескерткіштер мәтіндеріндегі қолданысынан байқауға болады. Тіпті қазіргі қазақ тіліндегі көркем әдебиеттерде, ауызекі сөйлеу тілімізде кеңінен қолданылады. Содан бері сөздік қорымызда әбден орныққан эмотивті лексикалық бірліктер ең бай лексикалық тілдік құралға айналған. Осыған орай аталмыш мақалада XIII-XIV ғғ. жазба ескерткіштер мәтіндеріндегі араб, парсы тілінен енген эмотив лексиканың қолдану ерекшеліктері, қазіргі қазақ тілімен сабақтастығы қарастырылады. Біздің дәуірімізге дейін жеткен көркем поэтикалық жазба ескерткіштері тілінде түркі ақындарының Алланы дәріптеуде, ислам дінін уағыздауда, қыздың сұлулығын сипаттауда және адамдар арасындағы қарым-қатынасты жырлағанда эмотивті лексикалық бірліктердің қолданысы ерекше қолданысқа ие болған. Мақалада Алтын орда дәуіріндегі жазба ескерткіштері мәтіндеріндегі кірме араб, парсы эмотивті лексикалық бірліктер функционалды-семантикалық өріс шеңберінде топтастырылады, қазіргі қазақ тілімен сабақтастыра талданады. Зерттеу нәтижесінде жазба ескерткіштер мазмұны бойынша негізгі эмотивті концепт айқындалады. Яғни «көңіл» эмотив концептісінің «ғашықтық», «қуаныш», «өкініш» микроконцептілік модельдерге жүйеленеді.

**Тірек сөздер:** жазба ескерткіштер, араб, парсы сөздері, эмотивті лексика, концепті.

**А.А. Сейтбекова\***

Институт языкознания имени А. Байтұрсынұлы, Алматы, Казахстан

\*e-mail: ainurseit@mail.ru

### **ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ЗАИМСТВОВАННОЙ ЭМОТИВНОЙ ЛЕКСИКИ В ТЕКСТАХ СРЕДНЕВЕКОВЫХ ХУДОЖЕСТВЕННЫХ ПОЭТИЧЕСКИХ ПИСЬМЕННЫХ ПАМЯТНИКАХ**

**Аннотация.** Многие абстрактные понятия в современных тюркских языках заимствованы из арабского и персидского языков и имеют свободное использование в языковой системе тюркских народов. Употребление некоторых эмотивных лексических понятий, отсутствующих в тюркских языках, в том числе в казахском, прослеживается в текстах средневековых письменных памятников. Эмотивная лексика широко используется в художественной литературе современного казахского языка, и в разговорной речи. С тех пор наиболее богатыми лексическими языковыми средствами стали эмотивные лексические единицы, прочно закрепившиеся в нашем словарном запасе. В связи с этим в данной статье в XIII-XIV вв. рассматриваются особенности употребления эмотивной лексики в текстах письменных памятников заимствованных с арабского и персидского

языков, преемственность с современным казахским языком. На языке памятников художественной поэтической письменности, дошедших до нашей эры, особое употребление эмотивных лексических единиц были использованы тюркскими поэтами для прославления Аллаха, проповеди Ислама, описания красоты девушки и воспевания отношений между людьми. В статье классифицируются арабские, персидские эмотивные лексические единицы в текстах письменных памятников эпохи Золотой Орды в рамках функционально-семантического поля, анализируются преемственность с современным казахским языком. В результате исследования выявляются основные эмотивные концепты по содержанию письменных памятников. То есть эмотив концепт «любовь» систематизируется в микроконцептные модели «влюбленность», «радость», «сожаление».

**Ключевые слова:** письменные памятники, арабские, персидские слова, эмотивная лексика, концепт.

**A.A.Seitbekova\***

A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan

\*e-mail: ainurseit@mail.ru

### **THE USE OF BORROWED EMOTIVE VOCABULARY IN TEXTS OF MEDIEVAL ARTISTIC POETIC WRITTEN MONUMENTS**

**Abstract.** Many abstract concepts in modern Turkic languages are borrowed from Arabic and Persian and have free use in the language system of the Turkic peoples. The use of some emotive lexical concepts that are absent in the Turkic languages, including Kazakh, can be traced in the texts of medieval written monuments. Emotive vocabulary is widely used in the fiction of the modern Kazakh language, and in colloquial speech. Since then, emotive lexical units have become the richest lexical means of language, firmly entrenched in our vocabulary. In this regard, this article in the XIII-XIV centuries examines the features of the use of emotive vocabulary in the texts of written monuments borrowed from Arabic and Persian languages, continuity with the modern Kazakh language. In the language of monuments of artistic poetic writing that have come down to our era, the special use of emotive lexical units was used by Turkic poets to glorify Allah, preach Islam, describe the beauty of a girl and glorify relationships between people. The article classifies Arabic, Persian emotive lexical units in the texts of written monuments of the Golden Horde era within the framework of the functional and semantic field, analyzes the continuity with the modern Kazakh language. As a result of the research, the main emotive concepts on the content of written monuments are revealed. That is, the emotive concept of "love" is systematized into microconceptual models of "love", "joy", "regret".

**Key words:** written monuments, Arabic, Persian words, emotive vocabulary, concept.

#### **Кіріспе**

XX ғасырдың соңында ғалымдар эмоционалды лексикамен айналысатын тіл білімінің жаңа бағыты – эмотиология туралы айта бастады. Қазіргі уақытта бұл отандық және еуропалық тіл біліміндегі жаңа бағыттардың бірі. Осыған орай тарихи материалдар негізінде ортағасырда өмір сүрген адамның тілдік әлем бейнесін эмотив лексикалық қолданыстарына талдау жасау арқылы да тануға болады. Себебі эмоция – адам психологиясының ажырамас бөлігі болып табылады. Тіл тек ақпаратты жеткізуші ғана емес, сонымен бірге айтушының ішкі әлемін білдіруге де қызмет етеді.

Әр дәуірде қолданылған халықтың жазба тілі өз кезеңіндегі сол тілде сөйлеуші халықтың дүниетанымының көрінісі. XII-XIV ғасырларда жазылған ортағасыр ескерткіштер тілінде түркілер дүниетанымын, болмысын, мәдениетін, тыныс-тіршілігін айқындайтын лексикалық тілдік бірліктерді концептологиялық тұрғыдан қарастыру бүгінгі күні өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Ортағасыр жазба ескерткіштер тілі

лексикасының бір қабаты араб және парсы сөздері болса, олардың мәтіндерде мол кездесуі – түркі халықтарының шығыс халықтарымен рухани, мәдени, әдеби, тұрмыстық тұрғыда тығыз қарым-қатынаста болғанын тарихи деректер дәлел. VII-VIII ғасырларда араб халифатының Орта Азияда үстемдік құрып, ислам дінін енгізуімен байланысты түркілер танымында ғаламдық кеңістікті танудың кешенді концепциясы ретінде олардың тілінен де берік орын алды. Яғни, Жаратушы құдыретке, пайғамбарларға деген діни сенімдері қалыптасып, діни-рухани құндылықтары артты. Осылайша ортағасырда ислам мәдениеті өз дәуірінде адамзаттың рухани құндылықтарының дамуына прогрессивті түрде ықпал етті.

### Материал және әдістер

Эмоциялар мен олардың тілдегі көрінісі жайында Ю.Д. Апресян, А. Красавский, Ю. М. Малинович, В.И. Шаховский еңбектерінде зерттелген. Біз жазба ескерткіштер мәтіндеріндегі эмотив лексиканы талдауда А. Байтұрсынұлы, Р. Сыздықова, Б. Сағындықов, Б. Сүйеркұлдың еңбектері басшылыққа алынды. Эмотив лексикалық бірліктердің семантикалық ерекшеліктері мәселесімен айналысқан орыс, түркі, татар, шетел ғалымдарының еңбектері мен сөздіктері пайдаланылды. Атап айтқанда, А.Ш. Юсупова «Лексикографическое и методическое наследие татарского языка (XIX век)», К. Изард «Психология эмоций», Дж. Лакофф «Метафоры, которыми мы живем» т.б.

Зерттеу материалдары ретінде алынған Мұхамед ибн Мұса әл-Хорезмидің «Мұхаббатнамесі», Құтыбтың «Хұсрау уа Шырыны», Сейф Сараидың «Түркіше Гүлістаны» Алтын Орда дәуірінде өзгеше өріс алған аударма-назиралық шығармаларға жатады. Осы аталмыш поэмалардың «Көне түркі және қазақ жазба әдеби мұралары» атты 10 томдық еңбектерде берілген бірқатар жазба ескерткіштердің факсимелесі бүгінде жасап отырған жұмысымызды жеңілдетіп, өз септігін тигізді. Зерттеу барысында сипаттау әдісі, салыстырмалы, диахронды-синхрондық, семантикалық талдау әдістері қолданылды. Сонымен қатар ортағасырлық мәтіндерден жинақталған эмотив лексикалық бірліктер микроконцептілік модельдерге бөлініп талданады. Осыған орай лингвоконцептуалдық талдау әдісі жүргізіледі.

### Әдебиетке шолу

Әр елдің мәдениетінде әлемдегі қоршаған құбылысқа ежелден қалыптасқан өзіндік таным-түсінігі болатынын ескерсек, ол міндетті түрде сол халықтың тілінен көрініс табады. А.Ш. Юсупова: «Заимствование иноязычных слов зависит от влияния культуры одного народа на культуру другого, от социальных особенностей словоупотребления, от наличия или отсутствия в родном языке эквивалента заимствуемого слова или понятия. «Решающую роль в процессе восприятия иноязычной лексики играет то обстоятельство, что заимствованные из другого языка единицы не являются универсальными и отражают специфику видения мира, присущую соответствующей культуре» (Юсупова, 2010). Мысалы, шығыс халықтары дүниетанымындағы *хор қыздар*, *шарап*, *бау-бақша*, *хош иісті асыл заттар* т.б. түркі халықтарының жазба дүниелерінің тұтас мәтін мазмұнынан аңғарылады. Түркі поэзиясында тек жекелеген тілдік бірліктер ғана емес, шығыс поэзиясындағы кейбір бәйіт, ғазал, қазыда, мессауи, мурабба, мінәжат, өсиет өлең, рубай, мысалдар жанрлық жағынан да тұтастай енгізілген. Содан болар, әсіресе, Алтын орада жазба мұралары тілінде кездесетін түсінуге қиын араб және парсы сөздерінің изафетті конструкциялары сол шығыс жанрларының өлең өлшемдеріне негізделіп, дайын клишерлер ретінде жұмсалған. Осыған орай ортағасыр мәтіндерінде араб, парсы тілдерінен енген лексикалық тілдік бірліктердің табиғатын терең түсіну үшін сол кезеңдегі шығыс мәдениеті мен тұрмыс-тіршілігіндегі құбылыстарды тарихи-танымдық тұрғыдан зерделеуді қажет етеді.

### Нәтижелер және талқылау

Араб тілі абстрактілі атауларға бай тіл. Әсіресе, эмоционалды лексика тобы синонимдік варианттарымен ерекшеленеді. Себебі, араб тілі өз тіліндегі сөздік қорымен жетілген, дамыған тілдер қатырынан орын алады. Өйткені, түркі тілдерінде жоқ ұғымдар жүйесі көбіне-көп араб және парсы абстрактілі және метафоралы тілдік құралдарымен берілген. Бұл жайында Р.Сыздықова: «Абстракт ұғым атаулары ежелгі түркі тілдерінде де аз болмаған болар, бірақ олар күнделікті өмірде жиі қолданылмайтын сөздер болғандықтан, қоғамның рухани дүниесіне ислам діні мен ғылым-білім бойлап енген кезеңдерден бастап орнын соларды әкелген тілдерге біртіндеп бере бастаған болар», – дейді (Сыздықова, 2004). Арабтардың сезімталдығы, эмоцияға бейім екендігін белгілі тарихшы және журналист П. Мэнсфилд атап өтеді (Mansfield, 1978). Осыған орай араб тілінен енген кірме абстрактілі эмоционалды лексика түркі халықтарының таным-түсінігімен астарласып, қабылданып тілдік жүйесінде еркін қолданылған. Сондықтан эмоционалды лексика кез келген бір затқа не құбылысқа көзқарасын танытудың, санадағы көркем ойды, көңіл-күйді, сезімді білдірудің бай тілдік құралы болып есептелген.

Б.Сүйерқұл ортағасыр Хорезмидің «Мұхаббатнамесіндегі» эмотив лексиканың көркем мәтіндегі көрінісін, семалық құрылымын, сөз мағынасының түрлі коннотативтік реңктерінің жасалуын қарастыра келіп, орта ғасырларда жазылған мұралар – қыпшақ тілдерінің сол кезде қалыптасып үлгерген жүйесімен қатар, сол диахрониялық тілдік ұжымда орын алған адамның сезім күйлерін жеткізу үшін тұрақты, жаппай немесе ішінара жұмсалатын эмотивтік лексиканы да танып, талдауға мүмкіндік беретін дереккөз болып саналатындығын айтады (Сүйерқұл, 2010).

Алтын Орда жазба ескерткіштері поэтикалық көркем мәтінді және дидактикалық сарында жазылған туындылар болғандықтан, қуану, өкіну, қызғану, өкініш-қайғы, таңқалу, ұялу, күмандану, шыдамдылық т.б. семаларынан құралған эмоциялық реңкті білдіретін жекелеген араб және парсы лексикалық тілдік бірліктер мен синтаксистік изафетті конструкциялары арқылы жасалған фразеологиялық теңеулермен мол көрініс табуымен ерекшеленеді. Мысалы, *Тірілікден малұл болұб тән-у жан* (Оның жан жүрегі осындай өмірден ауырды). *Мен асру бенауа сіз мқхтамшасыз латиф-у назик-у зибә санамсыз* (Мен бақытсызбын, ал сен бақытты нәзік, әсем, сұлусың) (Қазақ қолжазбалары, 2012).

Келтірілген мысалдарда адамның ішкі жан дүниесін, сезімін, көңіл-күйін білдіретін «логикалық-ұғымдық» концептісі орын алады. Бұл концептінің көлемі кең. Ол махаббат, қуаныш, реніш, қайғы, қатыгездік, бақыт т.б. жеке-жеке концептілерді қамтиды.

Поэтикалық көркем мәтіндерде дүние образ арқылы жасалып, санада бейне арқылы көрініс табады. Кез келген санадағы дүние бейнесі концептілік жүйеде түсіндіріліп, метафоралық, ассоциативтік формада көрініс табады. Көркем мәтіндегі бейненің қай түрі болмасын автордың санадан тыс ұғыну, қиялдау шеберлігін байқатады. Танымын көркем дүниемен бейнелеуге ұмтылады. Олардың әрбір бейнеленген көркемдік дүниесі тілдегі ұғымның модельденуіне ықпал етеді. Демек поэтикалық мәтіндегі бейне арқылы түсінілуі қиын абстрактілі ұғымдардың суреттемелі модельдері мен әмбебаптық комбинацияларын таңдап қолдануға болады.

Хорезмидің «Мұхаббатнаме» мен Құтыптың «Хұсрау уа Шырын» дастандары ғашықтық тақырыпқа арналғандықтан, шығармаларының өн бойында ғашық жандардың бір-біріне деген сүйіспеншілігі, ықыласы т.б. түрлі қатынастар кейіпкерлердің эмоционалды көңіл-күйлерінің негізгі айғағы. Мәселен, «Мұхаббатнамеде» жігіт өз сүйіктісі үшін «Сүйіктім» қасымда болса, жұмақтың маған керегі жоқ», – деп ешқандай қауіп-қатерден тайсалмайды. Яғни автор «сүйіспеншілік» сезімін «о дүниедегі» барлық қазынадан артық бағалайды. Ал «Хұсрау уа Шырын» дастанында Шырын сүйіспеншілік жолында қиыншылық атаулының барлығын жеңіп, ақыры Махаббат жолында құрбан болады. Сондай-ақ, аталмыш жазба мұраларда жақсылық пен жамандық, қатыгездік бен

мейірімділік, өз заманындағы адамдар арасындағы қатынастардың үндесітігі қандай болу керек деген сияқты мәселелер жырланғанда ішінара жұмсалған көңіл-күйді білдіретін эмотивті лексика тобы концептілік құрылымға негізделеді.

А. Байтұрсынұлы «Адам дүниедегі көрген-білген нәрселерін тек байқап, тек пікірлеп, тек саңлаулап қана қоймайды. Ол нәрселермен қатар адамның көңіліне күй де жасалады. Адам көрген-білген нәрселерінің я ісінің біріне күйінеді, біріне сүйсінеді, бірінен сескенеді, бірінен шошынады. Сезіліп тұрған тысқарғы ғаламмен, сезіп тұрған ішкергі ғаламның екі арасы санаға келіп түйіскен жерде айырылғысыз болып бірігеді» (Байтұрсынұлы, 1992), – деп түсіндіреді. Ш. Балии: «Адам жаратылғанда, тілімен қоса жаратылады. Сол кезде оның жаратылған тілі ең әуелі сезімді білдіретінін түсінеміз» (Балии, 1961), – дейді.

Сондықтан эмоционалдылық – ақиқат дүниедегі құбылыстарға, оқиғаға жеке тұлғаның сезімі. Ал адамның айналадағы заттар мен құбылысқа көзқарасының әртүрлі болуына қарай эмоция жағымды және жағымсыз сипатта болатыны белгілі. Мұндай эмоцияның жағымды, жағымсыз түрлері жазба ескерткіштер мәтіндерінде өн бойында кездеседі. Автор адресатқа ақиқат дүниені қабылдаудағы өзінің эмоционалды күйін, ой-сезімін қорытындылап, білдіруде кейіпкер арқылы небір эмоционалды тілдік құралдар арқылы жеткізіп отырады.

Декарт эмоцияларды білдіретін алты негізгі белгілері бар деп санайды: қуаныш, қайғы, тосынсый, тілек, махаббат, жек көру (Декарт, 1989). Американдық зерттеуші К. Изард эмоцияларды білдіретін негізгі таңбалауыштардың көбірек санын анықтайды: қызығушылық, қуаныш, таңдану, азап, ашуланшақтық, жиіркеніш, жеккөрушілік, қорқыныш, ұят, кінә (Изард, 1999). Осылайша Декарттан кейінгі өнерден эмоцияларды білдіретін негізгі белгілер ерекшеленеді, бірақ бұл тізімді кеңейтуге болады.

Б. Сүйеркүл жазба ескерткіштер мәтіндегі эмотивтілік категорияны эмоционалды күй мәнінде жұмсалатын және эмоционалды қатынастарды білдіретін эмотивтерден тұратын функционалды-семантикалық өріс шеңберінде қарастырады. Біз де осы жүйемен аталмыш жазба ескерткіштер мәтіндеріндегі эмотив лексиканы құрайтын араб және парсы сөздерін былайша топтастырамыз:

*1. Эмоционалды күй мәнінде жұмсалатын эмотивтер:*

«Қуаныш» семасы мынадай тілдік бірліктермен түрленіп синонимдік қатар түзейді: *нишат-у айш, тамаша, тараб, тараннам, фарах, хуррам, хуш, хушнуд, шади, шадман, хушмал, хушхал, рахат* т.б.

«Бақыт» семасына қатысты бірліктер: *бахт, бахтийар, мас'уд* т.б.

«Өкініш» семасына қатысты бірліктер: *пазман* (ренжулі), *пашиман* (өкініш), *ранжи* (мұңлы), *та'на* (өкпе-наз), *шақауат* (бақытсыздық), *бәдбахт, науха* (жылау), *надамат* (өкініш), *нахс* (бақытсыздық), *нала* (жылау), т.б.

«Таңқалу» семасына қатысты бірліктер: *таажжуб, бәди*, т.б.

«Қорқыныш» семасымен келетін тілдік бірліктер: *хауаф, маухуш, махабат*, т.б. Сондай-ақ, «ұялу» (*хажал*), «күмандану» (*шак, гүман*), «қалау» *шауқ, сауда, рағбат*, «жаны ашу» (*афсус*), т.б. микросемалардан тұрады.

*2. Эмоционалды қатынастарды білдіретін эмотивтер:*

«Махаббат, сұлулық» семасына қатысты бірліктер: *нигар, махбуб, санам, тала ат, унс, хусн, ділдар, діларам, манзур*, т.б.

«Мейірімділік» семасына қатысты бірліктер: *лутф, латиф, ни'амат, рахим*, т.б.

«Қанағаттану» семасына қатысты бірліктер: *рази, малул*, т.б.

«Қиындық көру» семасына қатысты бірліктер: *афган, бәла уа михнәт, дәрд, дариг, жафа, захмат, машаққат*, т.б.

Жоғарыдағы мысалдардан байқағанымыздай, әрбір семаны таңбалайтын тілдік бірліктер өзара мағыналық, стильдік тұрғыдан синонимдік қатар түзейді. Лирикалық кейіпкердің сүйіктісін көркем суреттеуде, оған өзінің ғашықтық сезімін білдіруде, сырт келбетін бейнелеуде, мінез-құлқын сипаттауда араб және парсы элементтерінің

қатысуымен жасалған нейбір айшықты бейнелі тіркестерді түрлендіріп, синонимдес сөздердің мағыналық айырмашылықтарын дәл тауып, шебер қолданғанын мына өлең жолдарынан байқауға болады.

«Мұхаббатнамеде»:

*Жаһанға хуснүңіз чауын йайайын*  
Жаһанға сұлулығыңыздың даңқын жаяйын  
*Болұбдұр тал'атыңға мұштары құл*  
*Көркіңе мұштары болып тұр құл*  
*Қамар тек чехраңа бақса қамар көз*  
*Айдай жүзіңе айдай көз сұқтанғанда*  
*Жамалың йеті 'аламға сипахлар*  
Жамалың әскер болып әлемді жаулап алды

Жазба ескерткіштер тілінде эмоционалды тілдік бірліктер адамның жағымды-жағымсыз көңіл-күйін бейнелеуде «көңіл» концептісінің жүйесін құрайды.

*Көңүл* (көңіл) лексемасы жазба мұраларда *жүрек* сөзінің синонимі ретінде жұмсалған. Жалпы орта ғасырлардағы *көңүл* сөзінің мағынасы едәуір кең болғанын мына мысалдардан аңғаруға болады: 1. *жүрек: сөз көңүлкә сіңді* – сөз жүрекке жетті; 2. қалау, тілек: *өз көңүлүнчә барсын* – өз қалауымен барсын; 3. сезім: *көңүл бірлә маңса кіші арзулар / тегір арзуқа терк йағуқлуқ улап* – егер кісі қаласа/ол қалауына қол жеткізеді; 4. ой: *көңүлләрін турғурмақ* – ой тоқтату (Древнетюркский словарь, 1969).

Жазба ескерткіштерде *көңіл* лексемасы араб және парсы сөздерімен тіркесіп, ауыспалы мағынада адам баласының күйініш пен назын, қуанышы мен қайғысын білдіретін әртүрлі аспектіде көрініс тапқан. Мысалы, *Бұ дост атағлы дұшманлар сөзін қой, көңүл лавхындын анлар харфыны йой* (Дос болып аталып жүрген дұшпандардың сөзін қой, олардың аттарын көңіл тақтасынан жой). *Латифлар көңлі* (Мейірімділердің көңілі). *Кішінің көңлідін мей йуар гамны* (Кісінің қам-көңілін шарап жуады). *Көңүл бахрында көп гауһарларың бар* (Көңіл теңізінде көп гауһарларың бар), т.б. (Қазақ қолжазбалары, 2012).

Көркем поэтикалық жазба мұраларда «көңіл» лексемасы парсы тіліндегі «діл» сөзімен де берілген. «Діл» сөзінің парсы тілінде мынадай мағыналары бар: *жүрек, жан, ой, сана* (Миллер, 1989). Ал *діл* лексемасы жазба мұраларда кейіпкерлердің сүйініш-күйінішін, мұң-мұқтажын, ішкі сезімін, жан-дүниесін білдіретін фразеологиялық оралымдардың, теңеулердің құрамында ерекше түрленіп, қолданыс тапқан.

*Діл* (жүрек) соматизмі арқылы жасалған теңеулер «Хұсрау уа Шырында» былайша көрініс табады:

*Тілі діл құлфының ачғұчы ерді*  
Оның тілі жүрек құлпын ашушы еді  
*Аның тек кім оқыған діл ачылсұн*  
Кім оқыса оның жүрегі ашылсын  
*Сабыр қылмаққа керек діл*

Сабыр қылмаққа жүрек керек (Қазақ қолжазбалары, 2012).

Жазба мұраларда *ділбар, ділдар, ділруба* (сүйікті), *діларам* (сұлу), *делсетан* (көңілін тыныштандыру), *ділшад* (көңілін көтеру), *ділуар* (қажырлы, айбынды) күрделі формалары да қолданылған. Мәселен, «Мұхаббатнамеде»:

*Менің көңлүм бар кече ділбарысын*  
Менің көңлім бар кезінде сүйіктімсің  
*Өкүш езур етті айтты ай ділдар*  
Көп ғұзыр етті, айтты, әй сүйікті.  
*Сәлемімні текүр ол ділсетанға*  
Сәлемімді жеткіз, жүрегім ділгәр жанға

«Гүлістанда»:

*Муфаррих шауәли назүк діларам*  
Шаттық беріп тұрған нәзік сұлу (Қазақ қолжазбалары, 2012).

Өлең жолдарында ғашықтық сезімді білдірудегі қолданылған *ділбар, ділдар, ділруба, діларам* күрделі бірліктер қазіргі қазақ тіліндегі *көңілімнің қалауы, жүрегімнің қалауы, жан жүрегім* сияқты бейнелі тіркестермен мәндес.

Қазіргі қазақ тілінде *діл* лексемасы 1. көңіл, діт, ниет, ой-пікір, жан дүниесі, таза жүрек, терең ой; 2. адамдардың белгілі бір қоғамдастығына тән, нақтылы тарихи-мәдени ортада қалыптасқан мінез-құлық пен іс-әрекеттердің біркелкі сипатын білдіреді (Қазақ тілінің сөздігі, 1999). Бұл сөздің негізінде қалыптасқан *ділуар, ділгер, ділмар* (шешен) және *ділгір болды* (өте мұқтаж болды), *ділгірлік сорына белден батты* (мұқтаждық азабын тартты) деген фразеологизмдер бар. Аталмыш күрделі бірліктердің қазіргі қазақ тілінде семантикалық өзгеріске түскені байқалады. Мысалы, жазба мұраларда *ділуар* сөзі «қажырлы, айбынды» мағынасын берсе, ал қазіргі қазақ тілінде «сөзге шешен» мағынасында қолданылады.

Ортағасырлық түркі халықтарының болмысы, тілі мен мәдениеті теңеулерде айқын көрініс табады. Концептілік құрылымдардың санада бейнеленуі ойсурет арқылы қалыптасады. Ал ойсурет құралдары тілдік бейнелеу құралдары арқылы метафора, теңеу, эпитетт. т.б. көмегімен танылып, ұқсату, елестету сезімдері арқылы сөз маржанымен шындалады. Авторлар танымында махаббат адамның тұла бойын жаулап алатын, бірде қуаныш, бірде өкініш әкелетін ұлы сезім. Осыған орай жазба мұраларда *көңіл* этноконцептісі *м а х а б б а т* мазмұнын ашатын шығыстық сарындағы *ғашықтық, қуаныш, өкініш* кірме микроконцептілік модельдермен өрнектеледі. Дж. Лакофф эмоцияны білдіретін ең жоғарғы тілдік құралдары ретінде метафоралар екенін атап көрсетеді (Дж. Лакофф, 2004).

*Ғашықтық*. Сүйіктісін Жер бетіндегі әсемдік әлеміне (Айға, Күнге, гүлге, асыл тастарға) балап, сұлулығына табынады. Бұл мәндегі тақырып авторлар шығармашылығының көлемді бөлігін қамтиды. Бұл модель шығыс халқының танымындағы құрылымдармен көрініс табады: *Хуриид* (Күн), *Мох* (Ай), *Бустон* (Бақ), бақтағы хош гүлдер, асыл тастар.

«Мұхаббатнамеде»:

*Саңа пайваста, әй кан-и малахат*

*Ей, әсемдік кені сенімен бірге туған*

*Бүгүн әлемде бір бустан йоқ, ей жан*

*Саған теңдес бүкіл әлемде бір бақ жоқ, ей жаным*

*Әйә хуриид тек әләм чырағы*

*Мунууар фирдавс бағы*

*Күн секілді күллі әлемнің шырағы*

*Нұрлы жүзің – жұмақтың бір гүл бағы* (Қазақ қолжазбалары, 2012 ).

Көркем поэтикадағы мағынасы түсініксіз кірме сөздердің сөздіктерде берілген түсініктемелерге сай ашып, мәтін контексінде берілу ретіне қарай назар аудармақпыз. Парсы тілі сөздігінде *хуриид* – *күн* ретінде түсіндірілген. Ақынның мәтін контексіндегі қолданған мағынасы мен түпнұсқа тіліндегі мағынаға сәйкес келеді. Бұл сөздің мәтінде қолданылған мағынасын түсіну үшін екінші жолда берілген сөздердің мағынасын анықтап алуымыз қажет. *Мунуар* араб тілінде «нұрлы жүз», *фирдавс* «жұмақ» деген ұғымды білдіреді. Ақынның барлық дүние қызығынан ғашығының сұлулығын (нұрлы жүзін) артық көріп, жұмақ бағындағы гүлдерге теңейді.

*Талим гүлчехра наргис көзділер бар*

*Көп гүл жүзді нәркес (әдемі) көзділер бар*

*Урур наргисларының навакни жанға*

*Нәркес көзіңнің кірпігі жанға қадалар*

Дастанда қыздың жүзін жалпы гүлге ұқсатуда парсы тіліндегі *гүлчехра* (гүлжүзді) қос сөз тіркесі арқылы берілген. Орта ғасырлардағы Шығыс поэзиясындағы қыздың көркін, жүзін бақтағы әсем, хош иісті гүлдерге балаған гүл атауларының барлығы аталған шығармада кездеседі. Мысалы, парсы тілінде *чечек* – түрлі түсті жұпар иісті гүл, *аргаван* – ашық қызыл гүл, *лала* – раушан гүл, ал *нәркес* араб тіліндегі «нарджис» – гүлі ақ, сары хош иісті гүл т.б.

*Күлар чехран чечек тек аргаванга*  
 Аргаван гүліндей жүзінде күлкі ойнаса  
*Шекердін татлы сөзлі ділрубасын*  
*Дариға кім чечек тек биофасын*  
 Сүйіктім, шекерден де тәтті сөзің  
 Дариға, гүл секілді құбыласың (Қазақ қолжазбалары, 2012 ).

Ақын өлең жолдарында қыздың сұлулығын «Айға», «Гүлге» балайды. Бұл жайында Б.Сүйерқұл: «Арнайы көңіл бөлуді қажет ететін бір мәселе – ақынның өз ғашығын аспандағы Айға балауы. Қазіргі дүниетанымымызда сұлулық символы болып қалыптасқан Ай Хорезми шығармасында да аталмыш мәнде 15 рет қолданылған. Ай – аспандағы қол жетпес дүние болса, ақын ұғымында сұлулықтың жердегі символы – Гүл», – деп көрсетеді (Б. Сүйерқұл).

«Хұсрау уа Шырында»:  
*Чықыб түрлүк райахин өрү тұрмыш*  
 Райхан гүл шешек атып тік тұрды  
*Арығ раузаңдын өзүм қолғаны бу*  
 Менің өтініш сенің таза бағыңнан дәм тату  
 Қыздың сұлулығы жігіттің құштарлық сезімін оятады.  
 «Мұхаббатнамеде»: *Кәрәшмәң бендені мадхуш қылғай*  
 Сенің қылымсыған қылықтарың пендені есінен адастырады  
*Мени мундақ мухаббат қылды шайда*  
 Мені махаббат осылайша есеңгіретті  
 «Хұсрау уа Шырында»:  
*Хайалың бұ тірілікім мазасы*  
 Сенің бейнең – менің өмірімнің талғамы (Қазақ қолжазбалары, 2012 ).

Шығармада «ғашықтық» тек тән сұлулығымен емес, жан сұлулығымен де, ақыл, парасат категорияларымен тығыз байланысты астасып жатады. Жыр жолдарындағы *шекертек тіл, шырын ерін, тілдеріні шекердін сүчүк* тіркестеріндегі *тіл, ерін* компоненттері ауыспалы мағынада *сөз* деген ұғымды білдіреді. Яғни ғашығының айтқан әрбір сөзі ақыл мен парасаттылыққа толы дәмді, нәрлі сөздер ретінде көрсетеді.

*Шекер тек тіл білә 'әләмні тұттың*  
 Шекердей тіліңмен әлемді бағындырдың

Хұсрау уа Шырында:  
*Иана узур айтұр ол Хұсрауға Шырын,*  
 Шекер төкті ошол шырын ерні  
*Шакар ернің набаты Хызра ұхшар*  
 Шекер ерніңнің тәттілігі Хызраға ұқсайды

*Көңіл – қуаныш.* Ғашықтардың бір сәт кездесіп, үндесуі қуаныш, бақыт сезімін сұлайды. «Мұхаббатнамеде»:



*Айыт қыл, ей висалың үмүр бағы*  
 Ей, сеніменен кездесу өмір бағы де  
*Мені ол сурата хайран йаратты*  
 Мені сол суретіңе қайран етіп жаратты  
*Хамиша шад-у бархурдар болғыл*  
 Әрқашан көңілің шат, бақытты болсын  
*Отурсаң олтұрұр фитна кетер ғам*  
 Сен отырсаң, ессіздік азайып, қайғы кетеді  
 «Хұсрау уа Шырында»:  
*Табуб өз бахтың елгіні лаһ көтергіл*  
 Тауып өз бақытыңның қолын қуанышпен көтер  
*Фарах берді хош үні бірлә жанға*  
 Қуаныш берді хош үнімен жанға (Қазақ қолжазбалары, 2012 ).

*Көңіл – өкініш.* Сәтсіз махаббат өкінішке алып келеді. Ғашығына қолы жетпей өтерін сезіп, қатты өкініш білдіреді. «Өкініш» мына модельдермен көрініс табады: *шарап, жұмақтағы бақ, кәусар бұлақ.*

«Хұсрау уа Шырында»:  
*Көңүл татмады бағың мивесіні*  
 Көңілім татпады бағыңның мәуесін  
*Білүрмін тала'имден нахаслик бар*  
 Менің бағыма бақыт жазылмағанын білемін  
 «Мұхаббатнамеде»:  
*Керакмес сенсизин Фирдавси-а'ла*  
 Сен болмасаң қасымда ең жоғарғы Фирдаус жұмағын да керек етпеймін  
*Көзүмнің йашыдин Каусар булашқай*  
 Көзімнің жасынан пейіштегі кәусар суы да ылайланды  
*Кішінің сенсіз не жаны болсұн*  
 Кісінің сенсіз қандай жаны болсын  
*Аның тек ғұмұрның не саны болсұн*  
 Ондай өмірдің не сәні болсын  
*Кішінің көңлідін май йуаур ғамны*  
 Кісінің қам-көңілін шарап жуады  
*Кел, ей гүлчехра сақы, май кетүргил*  
 Кел, ей, жауқазындай шарапшы, әкел шарап  
*Күйүрді көңлүмні ділбар фырақы*  
 Сүйіктімнен айырылу өзегімді күйдірді  
 «Хұсрау уа Шырында»:  
*Мәлік Шырын, йадынға қылұр нуш*  
 Шырынды еске алып ішіп отыр  
*Кәтүр хон сал кім імді аш йегелім*  
 Келтір шарапты, сал енді, асты жейік (Қазақ қолжазбалары, 2012 ).

Аталған жазба ескерткіштер мәтіндерінен алынған үзінділер қуаныш, сүйініш сезімдері қатар алынып, бірге жүреді. Бұл – адам көңіл-күйінің бір қалыпта тұрмайтындығын білдіреді және түркі ақындары түрлі көріктеу құралдарын пайдаланған. Мұнда негізгі сұлулықты барынша ажарлай көрсететін теңеулердің функциясының басты белгісі – эмоцияға қатысты деген тұжырымға әкелді. Бұндай пікір теңеулерді таза тілдік тұрғыдан қараған Т. Қоңыровтың еңбегінде айтылған: Теңеу дегеніміз – ұқсас, ортақ белгілердің негізінде бір затты екінші затқа салыстыру арқылы сипатталушы нәрсенің бейнелілік, көркемдік, эмоционалды-экспессивтік сапасын күшейтетін, сол нәрсені жаңа

қырынан, поэтикалық қырынан танытатын әрі стильдік тәсіл, әрі таным құралы [Т. Қоңыров).

### Қорытынды

Қорыта келгенде, түркі тілінде жоқ ұғымдар жүйесі көбіне-көп араб және парсы тілдерінен енген. Барша түркі тілдеріне ортақ ортағасырлық жазба ескерткіштер мәтіндерінде абстрактілі және метафоралы тілдік құралдардың, әсіресе эмотив лексиканың қолданыс жиілігі өте жоғары:

–қуану, өкіну, қызғану, өкініш-қайғы, таңқалу, ұялу, күмандану, шыдамдылық т.б. семаларынан құралған эмоциялық реңкті білдіретін сөздердің көбі – араб, парсы лексикалық бірліктер;

–шығарма кейіпкерін немесе сүйіктісін көркем суреттеуде түркі авторлары араб және парсы элементтерінің қатысуымен жасалған нейбір айшықты бейнелі тіркестерді түрлендіріп, синонимдес сөздердің мағыналық айырмашылықтарын дәл тауып, шебер қолданған, тіпті қазіргі тілімізге түсініксіз араб және парсы элементтері мен шығыстық сарындағы изафеттік конструкциялары арқылы түрлі реңкте жұмсаған. Бұның өзі, бір жағынан, ортағасырлық әдеби норма болса, екінші жағынан, авторлардың жеке қолданыстары да болуы мүмкін;

–зерттеу нысанымызға алып отырған шығармалар ғашықтық тақырыптарға арналғандықтан, эмотив лексикалар мен семалық бірліктер тобы концептілік құрылымға негізделеді. Осыған орай эмоционалды тілдік бірліктер адамның жағымды-жағымсыз көңіл-күйін бейнелеуде «көңіл» концептісі аясында топтастырылған. «Көңіл» эмотивті концептісі *махаббат* мазмұнын ашатын шығыстық сарындағы *ғашықтық, қуаныш, өкініш* кірме микроконцептілік модельдермен өрнектелген. Мәселен, «*Көңіл – қуаныш*», «*Көңіл – өкініш*».

–«қуаныш» пен «өкініш» қарама-қарсы бинарлы микроконцептілер жыр жолдарында бір-бірімен өзара байланысқа түсіп, мазмұндық жағынан сабақтасқан.

Жалпы зерттеу барысында ортағасырлық жазба мәтіндері бойынша эмотив лексиканы әлі де кең ауқымда кешенді түрде зерттеуді қажет ететін қызықты тақырып екендігі анықталды.

### Әдебиеттер

Mansfield P. (1978) *The Arabs*. – Penguin Books. Revised edition published in Pelikan Book 1978. Cox & Wyman Ltd, London.

Әбілғазының «Түркі шежіресі» (XVII ғ.) П.И.Демезон нұсқасы. – 183 б.

Байтұрсынов А. (1992) *Тіл тағлымы*. - Алматы: Ана тілі, 1992. – 444 б.

Балии Ш. (1961) *Французская стилистика / Пер. с фр.: под ред Е.Н. Эткинда*. - Изд-во ин. литер., 1961.

Декарт Р. (1989) *Страсти души: Соч. в 2-х т.* – М., 1989. – Т.1. – С.481-572.

Древнетюркский словарь (1969) – Л.: Наука, 1969. – 676 с.

Изард К. (1999) *Психология эмоций*. пер. с англ. – СПб.: Питер, 1999. – 464 с

Қадырғали Қосымұлының «Жамиғат-тауарихы» (XV ғ.) Н.И.Березин нұсқасы. – 163 б.

Қазақ қолжазбалары: Көне түркі және қазақ жазба әдеби мұралары (б.д. д. V ғ. бастап – XX ғ. дейін) (2012) 10 томдық басылым. Майти Симит Ном Бітік – Алматы: Ел – шежіре ҚҚ. – 2012.

Қазақ тілінің сөздігі (1999). – Алматы: Дайк-пресс. 1999, – 777 б.

Лакофф, Дж. (2004) *Метафоры, которыми мы живем: Перевод с англ. [Текст] / Под ред. и с предисл. А. Н. Баранова*. – М.: Эдиториал УРСС, 2004. – 256 с.

Миллер Б.В. (1989) Персидско-русский словарь. – Москва: гос изд иностр и нац слов. 1989. с 668.

Сүйерқұл Б. (2010) Хорезмидің «Мұхаббатнамесіндегі» (XIVғ.) лингвосомиотикалық кеңістік // Фил. ғыл. док. дис. қолжазбасы. – Алматы, 2010. – 262 б.

Сыздықова Р. (2004) Ясауи «Хикметтерінің тілі». – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2004. – 549 б.

Юсупова А.Ш. (2010) Лексикографическое и методическое наследие татарского языка (XIX век) – Казань: Ихлас, 2010. – 104 с.

### References

Mansfield P. (1978) The Arabs. – Penguin Books. Revised edition published in Pelikan Book. Cox & Wyman Ltd, London. (in English)

Abilgazının «Türki şejiresi» (XVII gasır) P.I.Demezón nusqası. – 183 b. [Abilgazy" Turkic Chronicle " (XVII c.) version of P. I. Demezón. – 183 P.] (in Old Turkic)

Baytursinov A. (1992) Til taglımı. – Almatı: Ana tili. – 444 b. [Baitursynov A. (1992) Language lesson. - Almaty: native language, 1992. - 444 P.] (in Kazakh)

Balii Sh. (1961) Francuzskaja stilistika / Per. S fr.: pod red E.N. Jetkinda. - Izd-vo in. liter., 1961. [Bally S. (1961) French stylistics / Trans. From the French: edited by E.N. Etkind. - Publishing house in. lit., 1961.] (in Russian)

Dekart R. (1989) Strasti dushi: Soch. v 2-h t. – M., 1989. – T.1. – S.481-572. [Descartes R. (1989) The Passions of the Soul: Op. in 2 vols. – M., 1989. – Vol.1. – pp.481-572.] (in Russian)

Drevnetjurkskij slovar' (1969) – L.: Nauka, 1969. – 676 s. [Ancient Turkic Dictionary (1969) – L.: Nauka, 1969. – 676 p.] (in Russian)

Izard K. (1999) Psihologija jemocij. per. s angl. – SPb.: Piter, 1999. – 464 s. [Izard K. (1999) Psychology of emotions. trans. from English. – St. Petersburg.: Peter, 1999. – 464 p.] (in Russian)

Kadyrgali Kosymulynyn «Zhamigat-taurihy» (XV g.) N.I.Berezin nusqasy. – 163 b. ["Zhamiat-taurikhy" by Kadyrgali Kosmuly (XV c.) version of N. I. Berezin. – 163 P.] (in Old Turkic)

Qazaq qoljazbaları: Kone turki zhane qazaq zhazba adebi muralary (b.d. d. V ғ. bastap – XX ғ. dejin) (2012) 10 tomdyk basylym. Majti Simit Nom Bitik – Almaty: El – shezhire. – 2012. [Kazakh manuscripts: ancient Turkic and Kazakh written literary heritage (from the V century BC to the XX century BC) (2012) 10 – volume edition. Mayti Simit nom Bitik-Almaty: El-shezhire PF. – 2012.] (in Kazakh)

Qazaq tilinin sozdigi. (1999) – Almatı: Dayk-press. – 777 b. [Dictionary of the Kazakh language (1999). - Almaty: Dyke-press. 1999, - 777 P.] (in Kazakh)

Lakoff, Dzh. (2004) Metaforı, kotorymi my zhivem: Perevod s angl. [Tekst] / Pod red. is predisl. A. N. Baranova. – M.Yeditorial URSS. – 256 s. [Lakoff, J. (2004) Metaphors we Live by: Translated from English [Text] / Ed. and with a preface by A. N. Baranov. – M.: Editorial URSS, 2004. – 256 p. ] (in Russian)

Miller B.V. (1989) Persidsko-russkiy slovar'. – Moskva: gos izd inostr i nats slov. s 668. [Miller B.V. (1989) Persian-Russian Dictionary. – Moscow: State Publishing house of Foreign and National words. 1989. from 668.] (in Russian)

Suyerqul B. (2010) Xorezmidin «Muxabbatnamesindegi» (XIVğ.) lingvosemiotikalıq kenistik // Fil. ғыл. док. дис. қолжазбасы. – Almaty. – 262 б. [Suyerkul B. (2010) In The

"Muhabbatnames" Of Khorezmi (XIV Century.) linguosemiotic space // Phil. science. Doc. dis. the manuscript. - Almaty, 2010 – 262 p.] (in Kazakh)

Syzdykova R. (2004) Jasauı «Hikmetteriniń tili». – Almaty: «Sozdik-Slovar'», 2004. – 549 b. (in Kazakh)

Yusupova A.SH. (2010) Leksikograficheskoye i metodologicheskoye naslediye tatarskogo yazyka (XIX vek) – Kazan': Ikhlas. – 104 s. [Yusupova A.Sh. (2010) Lexicographic and methodological heritage of the Tatar language (XIX century) – Kazan: Ikhlas, 2010. – 104 p.] (in Russian)